

1 қыркүйек-Білім күні. Білім күні- әсіресе мектеп табалдырығын тұңғыш рет аттағалы тұрған, жаңа өмірге қадам жасаған бірінші сынып оқушылары үшін қуанышты күн. Бұл олардың жадында сақталатын және тебірене еске алатын күн болады.

№19 ЖОББ мектебінде салтанатты жиын мен сынып сағатын өткізу кестесі құрылды. Барлық іс-шаралар кесте бойынша уақытылы өткізілді.

Сыныбы	Уақыты	Жауаптылар
1 «А», «Б»	10.00	Шамиганова Р.М. Әнуарбек Ж.Ә.
1 «В», 1 «Г», 1 «Д»	11:00	Алиаскарова Ж.А. Сафурина Г.А. Шакенова А.Е.

Ауысым	Уақыты	Сыныптар	Жауаптылар
I ауысым	08:30	9А,9Б,9В,9Г,9Ж,9И, 10А,10Б,10В,11А,11Б,11В	Сынып жетекшілер
I ауысым	12:00	4А,4Б,4В,4Г,4Е, 7А,7Б,7В,7Г,8А,8Б,8В,8Г	Сынып жетекшілер
II ауысым	14:00	2А,2Б,2В,2Г,3А,3Б,3В,3Г,3Е, 5А,5Б,5В,5Г,5К,5К,5Е, 6А,6Б,6В,6Г,6Е,6Д,7Д,8Ж,8Е	Сынып жетекшілер

«Кел, балалар, оқылық» салтанатты жиыны дәстүрлі форматта ашық ауада, мектеп ауласында санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып өткізілді. Мектеп аумағында 1,5 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауға мүмкіндік беретін таңба салынды. Бетперде режимі сақталды. Іс-шараға бірінші сынып оқушылары және ата-аналарының біреуі қатысты.



Салтанатты жиында мектеп директоры К.К.Шаймерденов мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы тұрған жас бүлдіршіндерді құттықтап, оларға құтты қадам тіледі. 1-сынып оқушыларына «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді.



2-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» атты сынып сағаттары штаттық режимде өткізілді. Сынып сағаттарында оқушылар өздерінің Отанға, өз еліне деген сүйіспеншіліктерін, отансүйгіштік, елжандық сезімдерін білдірді.



Білім күніне арналған іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді.